



Автор: Мукашева Мереке Казыбековна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Ақпаратты ұсыну

Тақырып: Ақпаратты шифрлеу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.1- мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: - ақпаратты шифрлеуде мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтауды түсіндіре алады. Оқушылардың басым бөлігі: - екілік санау жүйесі, ASCII кодтары, Морзе әліпбилерін кодтау түрлерін ажырата алады Кейбір оқушылар: - мәтіндік ақпаратты белгілі бір кодтау әлфавитін қолдану арқылы кодтай алады
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты: бүкіл ақпарат компьютерде екілік санау жүйесінде сақтала алатынын түсіндіре алады Пәнге қатысты лексика және терминология: - ASCII кестесі - екілік санау жүйе Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Ақпаратты кодтау дегеніміз – ақпаратты белгілі бір алфавит арқылы ұсыну Бір белгі тобынан екінші белгі тобына көшіру ережесін код деп атайды.
Күтілетін нәтиже:	- мәтіндік ақпаратты кодтайды және декодтайды - мәтіндік ақпаратты екілік санау жүйесімен, ASCII кодтау;
Бағалау критерийлері:	- мәтіндік ақпаратты кодтайды және декодтайды - мәтіндік ақпаратты екілік санау жүйесімен, ASCII кодтау;
Құндылықтарды дарыту:	Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	-
Пәнаралық байланыс:	Математика: сандар мен символдар ASCII кодын қолдану. Ағылшын тілі: ASCII коды, Морзе әріптері және оналтылық санау жүйе латын әліпбилері.
Бастапқы білім:	Оқушылар түрлі жолдармен ақпаратты атап шығып көрсете алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сыныпта психологиялық жағымды ахуал «Жетістікке жету өз қолыңда!» әдісі арқылы орнатамын. Оқушыларға бірінші Жетістік деген не деген сұрақ қоямын және жетістікке жету жолында қандай ұстанымдар бар екенін атап өтулерін сұранамын (тақтада үлгі ретінде бірнеше ұстанымды тізімі). Әр оқушы өз жетістікке жету жолында қандай ұстаным ұстауы қажет екенін қысқаша атап өтеді. Бүгінгі сабақта барлығының жетістікке жетуіне тілекші екенімді білдіремін. Тілекті қабыл алсақ қолымызды жоғары көтеріп 3 рет шапалақтаймыз.	Презентация (көрме)

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқушыларға кодталған хабарлама ұсынып, оның шифрын ашуын ұсынамын. «Ойлан,бірік,бөліс» әдісі. (Бұл әдісті қолдануда мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетінде, оқушылардың оқуға қызығушылығы оянады, жаңа тақырыпты меңгереді) «Кодтау», «код», «қайта кодтау» түсініктемелеріне талқылау ұсынамын. Оқушыларға өмірмен байланыстырып, ақпарат кодтауына мысал келтіруін сұранамын, оқушы ойына келген жауапты жазады(ойлан), жауаптарын жұбымен біріктіреді, мұғалім бүкіл сынып жауаптарын талқылайды. ҚБ. «Табыс» әдісі арқылы әр жұп мүшелерін жазылған жауаптарына сәйкес бағалаймын. Тапсырма №1 Морзе әліпбиін қолданып хабарламаны кодтаңыздар. - Моя Родина, моя светлая, Под названием Казахстан. Дескриптор: - әліпбиді қолдану жолын түсінеді; - әліпбиді қолданып, кодтау жолын үйренеді. Тапсырма № 2 «Сөзді тап» әдісі.(Бұл әдісті қолдануда оқушы жылдамдыққа, еркін сөйлеуге, мимикалық, іс қимыл арқылы түсіндірмеге жаттығады) Қобдишаға кодталған сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Қобдишадан қиынды қағазды алып, кодталған сөздің шешуін тауып, сөздің өзін атамай сипаттап түсіндіріңіздер. Сөзді тапқан оқушы келесі қағаз қиындысын алып түсіндіруді жалғастырасыздар. Кәмпит Сағат Алмұрт Жүрек Қанат Құс Пернетақта Тышқан Дескриптор: - шифрленген, кодталған сөздерді табады; «Дереккөз-қабылдағыш» ойыны.(Бұл ойынды қолдануда оқушының сабаққа деген қызығушылығы және ойлану қабілеті артады) Ойын барысында оқушы кодтауға байланысты өз ережесін (өз ойынан) қолданып, бірнеше хабарламаны кодтап, кодталған хабарламасын жұбымен алмасып, шешімін табады. ҚБ. ауызша кері байланыс, ынталандыру	Слайд Оқулық
Сабақтың соңы	« SMS- хабарлама» әдісі. (Бұл әдісті қолдануда оқушы бүгінгі сабақтан алған әсерін, жеткен жетістігін жазу арқылы білдіреді және ойын ашық жеткізуге дағдыланады)	Қағаздан жасалған қалта телефондары
Рефлексия	Оқушыларға қағаздан жасалған қалта телефондарынан SMS хабарлама жазуын тапсырамын. - Бүгінгі сабақта мені қуантқаны ; - Мен өзімді үшін мақтар едім; - Маған ерекше ұнағаны..... ;	Қағаздан жасалған қалта телефондары